



**Түркістан облысының білім басқармасының
Қазығұрт ауданының білім бөлімінің
«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта
мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижесі
бойынша өзін – өзі бағалау қорытындысы**

Қызылбұлақ ауылы, Мошқал баба №38 А
Email: bibio.kudaynazarov@mail.ru
Телефон: +77253976059

Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданы білім бөлімінің «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижесі бойынша өзін-өзі бағалау қорытындысының нәтижелері туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 27 маусымдағы № 183 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №818 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2023 жылдың қыркүйек айының 1-і мен қыркүйек айының 15-і күндері аралығында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданы білім бөлімінің «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалау жүргізді.

Мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалауды мектептің 2023 жылғы «14» тамыздағы №96 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізді:

Беркимбаев Куатбек Жаханович – мектеп директоры комиссия төрағасы;

Мамиров Бегалы Космураатович ҚББП – төраға

Сарсеков Бахыт Муканович – тәрбие жұмысы жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Орынбаев Умирзах – шаруашылық жұмысы жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Тугелбаева Рауия - педагог-психолог, комиссия мүшесі;

Мамыров Ермахан – ұйымдастырушы педагог, комиссия мүшесі;

Мырзабек Нағима – гуманитарлық пәндер бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Сункарова Акбаян – Техникалық пәндер бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Мауленов Динмухамбет - информатика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі;

Жорабаева Мери – бастауыш сыныптар бойынша пән бірлестік жетекшісі комиссия мүшесі.

Букеева Айжан – сынып жетекшілер бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі.

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді, атап айтқанда, өткен екі оқу жылы (2023-2024, 2024-2025) және ағымдағы оқу жылының (2025 -2026) мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын (бұдан әрі – бағаланатын кезең).

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер
Мекеменің толық атауы: Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мектеп)
Білім беру ұйымының орналасқан жері: Индекс 160309, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігерген ауылдық округі, Қызылбұлақ ауылы, көшесі Мошқал баба ғимарат 38А
Заңды тұлғаның байланыс деректері: 8(72539)76059 электронды почтасы: bibio.kudaynazarov@mail.ru сайт http://kazygurt-kudaynazarov.edu.kz/
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Қазығұрт ауданының білім бөлімінің 15.11.2017 жылғы №339 бұйрығымен Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» директоры міндетін атқару Беркимбаев Қуатбек Жахановичке жүктелген. Білімі жоғары, біліктілік санаты педагог. Педагогикалық еңбек өтілі 31 жыл, мектеп директоры лауазымында еңбек өтілі 7 жыл .
Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Түркістан облысының Әділет департаменті тарапынан 2023 жылы 19 қыркүйекте берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 26.12.2001 жыл. БСН – 0112400002384 Кәсіпорынның қатысушысы: «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Кәсіпорынның уәкілетті органы – Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімі болып табылады. Білім беру ұйымының жарғысы: Түркістан облысының әкімдігінің «25» қаңтар 2021 жылғы №1869-1959-12-КММ қаулысымен бекітілген.
Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы: Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 19.10.2023 жылғы №1700 бұйрығы №KZ37LAA00035328 лицензиясы Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» мемлекеттік мекемесіне берілген. Мемлекеттік лицензияға қосымша 001–бастауыш білім беру, 002–негізгі орта білім беру, қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) берілген. Алғашқы берілген күні: 25.09.2009 жыл.

Күн санап ақпарат кеңістігі өркендей түскен заманда жас ұрпаққа сапалы білім беру мұғалімнің, ұжымның бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып жұмыс істеуін талап етеді. Осы орайда ауыл мектебінің бүгінгі бет-бейнесін жаңа қырынан көрсетіп келе жатқан «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы Қызылбұлақ ауылының орталығында орналасқан. Мектептің алғашқы ірге тасын 1934 жылы қалаған, 1935 жылы бастауыш мектеп ашылып, қарасөздің хас шебері Ашлитаев басшылық қызметін атқарған. Мамаев Тағай Қожахметов алғаш рет шәкірттерге дәріс берді. 1943 жылы Ворошилов атындағы орта білім беретін жеті жылдық мектепке айналды. Алғашқы басқару қызметін атқарған Жүнісов Дархан есімді Қаржан ауылының азаматы. 1950-1954 жылдары Құлтаев Еркебай басқару қызметін атқарды. Қазыналы білім ордасына айналған мектеп ұжымында 1941-1954 жылдарда мектептің шаруашылық және оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуда

аянбай еңбек еткен ұстаздар қатарына Құдайназаров Бибол, Калменов Манап, Тұрдықұлов Шоңай, Тұрғынбаев Салыбай, Шыршықбаева Гүлбахрам атауға болады.

1954 жылы ел «Келес» ауданына көшіріліп Ворошилов атындағы орталау мектеп жабылып, орнында «Қаракемер» бастауыш мектеп ашылды.

1954–1990 жылдар аралығында мектептің меңгерушісі болып Беркімбаев Ешімқұл қызмет істеді.

1958 жылы салынған «Қаракемер» мектебі тозып, 1986 жылы қайта тұрғызылды.

Аудандық ономастика комиссиясының шешімімен мектепке 1986 жылы «Бибол Құдайназаров» атындағы бастауыш мектеп атауы беріледі.

1990-1994 жылы мектеп меңгерушісі болып Мамыров Бегалы атқарады.

1994-2001 жылы мектеп меңгерушісі болып Беркімбаев Қуатбек атқарады.

2001 жылы балалар саны өсуіне байланыста мектептің кеңейтілген жаңа құрылысы пайдалануға беріледі.

2001 жылы 13 қыркүйекте аудан әкімі шешімімен бастауыш мектеп «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі мектеп» болып қайта құрылды. Мектеп басқару қызметіне Мәуленов Әкімхан Сейдуллаұлы тағайындалды. 2001 жылдан бастап 2002 жылға дейін мектеп басқару қызметін атқарды. 2002 жылы алғаш рет мектеп түлектері орта білім туралы аттестат алды.

2002 жылдан 2017 жыл 10 қараша аралығында А.Ағабеков мектеп басшылығын атқарып «Бейнеттің де зейнеті бар» дегендей бүгінде адал еңбегінің арқасында көпшілікке танымал, жастарға жол сілтеп, ақыл айтар абыз қарияға айналды.

2017 жылы жаңа мектептің құрылысы басталып, 2018 жылдың 1 қыркүйегінде пайдалануға берілді.

Ұлағатты ұстаз, елге қадірлі, өзінің парасаттылығын көрсете білген, сондай саналы ғұмырын баланың білімі мен тәрбиесіне арнаған Беркімбаев Қуатбек 2017 жылдың 11 қарашасынан бастап, мектеп басқару қызметіне тағайындалып өзінің еңбек жолын жауапкершілікпен атқарып келеді.

Мектептің тақырыбы Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ағымдағы жағдайды талдау

Мектеп ұстаздарының саны-25

Оқушылардың жалпы саны-83

Беркімбаев Қуатбек Жаханұлы 1994-2001 оқу жылында мектеп менерушісі болып қызмет атқарды.

2001-2017 оқу жылында оқу ісінің орынбасары болып қызмет атқарды

2017 оқу жылының қараша айынан бастап мектеп директорының қызметін атқарып келді.

Мектепте қазіргі таңда жалпы 0-09 сыныптарда 83 оқушы оқиды. Оның ішінде бастауыш 26, МАД тобы-7, 5-9 сыныпта 50, оқушы оқиды. Қазіргі таңда жалпы 25 педагог, оның ішінде 3 зерттеуші, 5 сарапшы, 8 модератор білім беріп келеді.

Қазіргі таңда мектептің әдістемелік құрамына 4 пән бірлестігі жұмыс атқарды. Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылықпен жұмыс істеу бағытында төмендегідей бірлестіктер жұмыс істеп келеді.

1. Бастауыш сыныптар бірлестігі
2. Техникалық пәндер бірлестігі
3. Гуманитарлық пәндер бірлестігі
4. Сынып жетекшілер бірлестігі

Мектептің педагогикалық құрамына мінездеме.

Білім беру процессін кадрлық қамтамасыз ету.

Мектепте 25 мұғалім жұмыс істейді.

2024-2025 оқу жылында марапатқа ие болған мұғалімдер:

Облыстық білім беру басқармасы мақтау қағазымен марапатталған – 5

Аудан білім бөлімі мақтау қағазымен марапатталған – 12

Соңғы жылдардағы мектеп мұғалімдерінің жетістіктері үлгі етерліктей болды.

Қала, облыс, Республикалық жарыстардан, олимпиадалардан орынмен оралғандары да болды.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы төсбелгілерімен К.Беркімбаев, Б.Сарсеков, С.Алимова, Ә.Мырзабаева, Г.Сулейменовалар марапатталды.

2024-2025 оқу жылындағы өткізілген пәндік олимпиадалардан 3 оқушы аудандық кезеңнен жүлделі орынмен оралды. 1 оқушымыз облыстық олимпиадаға жолдама алды.

Спорт бағыты бойынша дене шынықтыру пәнінен облыс және аудан спортакиадаларынан жүлделі орындармен оралған.

Мектеп директоры тарапынан да дене шынықтыру пән мұғалімдері марапатталды, қажырлы еңбектері үшін. 2024-2025 оқу жылындағы 9-сыныптардың оқушылар арасынан 3 бітіруші үздік аттестат иегерлері атанды.

Мектеп миссиясы : Жалпы білім беру жүйесі арқылы сапалы білім, саналы тәрбие беру және жан-жақты азаматты қалыптастыру.

Болашақ бағдары: /көзқарас/. Сапалы білім мен саналы тәрбие беру және әлеуметтендіру қызметінің біртұтас қызмет жүйесінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мектеп мүмкіндігін пайдалану арқылы денсаулықты сақтау білім кеңістігін құру.

Құндылықтар: Өз елінің патриоты, азаматтық жауапкершілік қалыптасқаны, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін құндылығы қалыптасқан, білімді саналы, бәсекеге қабілетті тұлға

Мақсаттары:

1. Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту арқылы сыныптағы оқыту сапасын жақсарту
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік саясат негізінде әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуына жағдай жасау және жеке тұлғаның дарындылығын дамыту;
3. Озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтап, таратуда кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-әдістемелік көмек көрсету;

Міндеттері:

1. ҚР Білім туралы заңының 8-бабының 7-тармағында: «Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» міндетіне орай мұғалімдердің жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды меңгертуіне және оларды тиімді қолдануына ықпал ету;
2. Оқушыларға тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейде шеберлік пен дағды алуын қамтамасыз ету;
3. Деңгейлі бағдарламалардың идеяларын іске жүйелі асырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолымен мектептің білім сапасын көтеру;
4. Білім берудің жаңартылған бағдарламасын енгізу барысында критериалды бағалауды жүйелі іске асыру;
5. Педагогикалық озық тәжірибені жинақтау мен тарату жұмыстарын жетілдіру, ӘБ ішінде әрбір мұғалімнің оқытушылық қызметі қаралып, талдау жұмыстары жасалынып, озық тәжірибені жинақтап, мектеп пен қала көлемінде таратуға ұсыну;
6. Оқушылармен жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарын жолға қою;
7. Коммуникативті, функционалды шәкірт дайындауда дарынды оқушылармен жекелей жұмыс жүргізуді ұйымдастыру, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар жүйеленіп, оқушылар әр түрлі қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен байқауларға жүйелі қатыстыру;
8. Оқушыны заман талабына сай, патриот, азаматтық ұстанымы зор тұлғаны тәрбиелеу;
9. Оқушылардың және мұғалімдерің еңбегінде қиыншылықтарды жою мақсатында

психологиялық қызметінің жұмысын жандандыру;

10. Қашықтықтан оқыту процесін, оның ішінде техникалық жағдайды ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

11. Білім алушылардың қашықтықтан оқу қызметін ұйымдастыру, пән мұғалімдерімен әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру;

12. Инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

Мектепті дамытудың басым бағыттары

1. Білім беру жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту және мектеп педагогының мәртебесін арттыру;

2. білім беру мазмұнын жаңарту және оқушыларды тәрбиелеу арқылы білім беруді жаңғырту;

3. Қауіпсіз оқу ортасын құру

4. Білім алушылардың зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету

5. білім беруді қаржыландыру, материалдық-техникалық жаратандыруды және цифрлық инфра құрылымды жақсарту.

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

1.Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар: оқу жұмыс жоспарларымен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі:

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызмет мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

(Мектептің әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары,ұйымдастырылған оқу қызметін бөлуді көшірмелері ұсынылады) оған дәлел:

2024-2025 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы 3-қосымша;

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары ;

Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2021 жылы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық талаптар» қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ -76 бұйрығын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5-жастан бастап)
		0
1	"Денсаулық"	3
	Дене шынықтыру	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5
2	"Қатынас"	5
	Сөйлеуді дамыту	1
	Көркем әдебиет	1
	Сауат ашу негіздері	2
	Орыс тілі	1
3	"Таным"	2,5
	Математика негіздері	1
	Сенсорика	-
	Құрастыру	0,5
	Жаратылыстану	1
4	"Шығармашылық"	5
	Сурет салу	1
	Мүсіндеу	1
	Жапсыру	1
	Музыка	2
5	"Әлеумет"	1,5
	Өзін-өзі тану	1
	Қоршаған ортамен танысу	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	25-30 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	17
8	Вариативтік компонент*	3
9	Барлығы	20

Мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары (5 жастағы балалар) 2024-2025 оқу жылы

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
			0
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

2) Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі - МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру:

МДС-та "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499, бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу МДС-та «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттеріне бағытталған.

МДС-та арнайы түзету ұйымдастырылған оқу қызметіне мұқтаж балалар жоқ. (Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қоса беріледі);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 1-косымшасына сәйкес жүргізілді.

Мектепте мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының міндеттерін орындау барысында үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылып отырды.

Үлгілік қағидалардың 4-тармағына сәйкес балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, мектепалды даярлық сыныптарына 7 тәрбиеленуші қабылданып (ата-ана өтінішімен) тізімі 31.08.2023ж. мектеп директорымен бекітілді. Барлығы 5 жасқа толған. Тәрбиеленушілердің тізімі ҰББДҚ-на енгізілген, барлығы сәйкес келеді. Жас кезеңдері ескерілген мектепалды даярлық сыныптарының тізімдерінің көшірмелері ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық сыныбы(5 жастағы балалар) тәрбиеленушінің толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылы 1тамыз - 05 қыркүйек аралығында 1 топқа топтастырылды.

МДС - та 2023-2024 жылында оқушы қабылданбады, 2024-2025 оқу жылында 11 оқушы қабылданды. 2025-2026 оқу жылында 7 бала қабылданады. Өлшемшарттың 9 косымшасына сәйкес 2025- 2026 жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалынып, көшірмесі қоса берілді. Талдау нәтижесі : Мектепалды даярлық топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) - 100%.

Мектепалды даярлық сыныбы бойынша 2023-2024, 2024-2025 және ағымдағы 2025-2026 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар анықталмады.

МАД аптасына 5 күндік (толық күн болу) жұмыс жасайды, жұмыс уақыты сағат 08:00-дан 10:35- ге дейін.

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылуда. Мектепалды даярлық сыныптардың оқу қызметіне арналған 1 сынып кабинеті бар. Онда баланың жас ерекшелігіне сай сабақ құралдары мен ойынға қажетті ойыншықтармен жабдықталған.

Мектепалды тобы бір сынып бөлмесінен тұрады. Сынып бөлмелерінде оқу тәрбиелік мақсаттарға сай құрал - жабдықтар бар. Күнделікті оқу тәрбие жұмыстарына арналған құрал – жабдықтармен, оқушы столы, мұғалім столы, орындықтар, шкафтар, тактамен жабдықталған. Терезелері металопластиктен жасалып, перделер ілінген. Жарықтандыру табиғи және жасанды люминесценттік шам арқылы, желдетілуі қабырға көздері және терезе арқылы. Есіктері ағаштан жасалған. Сынып бөлмелері қабырғаларына оқу тәрбиеге қажетті көрсеткіш құралдармен буклеттер, плакаттар безендірілген. Қол жуу құралдарымен қамтылған.Бейнелеу өнеріне баулуға арналған қарапайым, түрлі - түсті қарындаштар. Ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор. Әр түрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, карточкалар жиынтықтары, сондай-ақ, кітапшалар, ертегілер, дидактикалық ойындармен де қызыға ойнап уақыттарын тиімді өткізеді.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды

мектепалды даярлық (МАД) сыныптарда тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық - педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді, осы талаптар жүйелі түрде орындалып келеді. МАД сыныптарда бес білім беру саласын негізге ала отырып дамытушы орта ұйымдастырылған. Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық - техникалық, санитарлық – гигиеналық, психологиялық - педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген, Пәндік - дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс - әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған.

Балалардың толыққанды физикалық даму үшін мектептің спорт залы, спорттық снарядтар (футбол, үрмелі доптар, секіртпелер, шеңбер және т.б.) балалардың және интеллектуалды дамуы үшін сюжеттік суреттері бар текшелер, математика текшелері, түрлі пазлдар, лото, кірпіштер, әр түрлі үстел ойындарының жиынтығы жеткілікті.

Ұлттық білім беру деректер қорында (бұдан әрі - ҰББДҚ) мектепалды даярлық сыныбына арналған оқу кабинетінің бар екендігі көрсетілген. Мектепте МАД сыныптарда баланың логикалық дамуына мүмкіндік жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған. Балалардың өмірімен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Мектептегі МАД сыныптардың оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы фотосуреттер қоса берілді.

Талдау нәтижесі: Мектепалды даярлық сыныбына қажетті жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы - 70%.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етілген. Ол туралы әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес мектеп директорының қолы мен мөрімен расталған кесте сайтқа орналастырылды. 2023-2024 оқу жылында білім беру үдерісінде тіл дамыту, жазу, санау, сурет салу, құрастыру, мүсіндеу және басқаларды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешендер қолданылатынын ескере отырып, даярлық топ оқушыларының санына қарай «Әліппе-дәптерлер» ата-аналардың демеушілігімен сатып алынды.

Талдау нәтижесі: Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу - әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету - 100%.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер жоқ.

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін 1 қыркүйек пен 25 мамыр аралығында жүзеге асыру жұмыстары ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы 2-тарау «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» бойынша 20 - тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және бағдарламасы толық көлемде іске асырылуда.

Осы бұйрықтың 22-тармағына сәйкес 2024-2025 оқу жылдарында жоғары білімді 1 педагог , 2025-2026 оқу жылдарында жоғары білімді 1 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырады.

**Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер
«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектебінің
даярлық топ жетекшісі туралы мәлімет 2025-2026 оқу жылы**

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Онғарбаева Гулбану Нұрхановна
Туған жылы, айы, күні	02.10.1984ж
Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» Мұғалім 21ж
Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және/немесе техникалық және кәсіптік және / немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық, қайта даярлау	М.Әуезов ун №0482630
Тану туралы куәліктік бойынша мәліметтер (куәлік, № мерзімі)	-
Санат берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмері	№501 22.10.2024ж
Штат бірлігі	13 сағат
Біліктілік санаты, берілген күні, санат беру туралы бұйрықтың нөмері	№501 22.10.2024ж №501 22.10.2024ж
Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен мерзімі	«Бастауыш сынып мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту» 19.04.2024ж №082716
Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым)	Шымкент Педагогикалық шеберлік орталығы
Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы)* (рұқсат беру мерзімі)	25.08.2025-25.08.2026

Мектепалды даярлық сыныптың тәрбиешілері баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс жасаған карталарын толтырған. Сондай-ақ баланың жеке даму картасының «Бастапқы» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын мазмұнын айқындау жұмыстарын, даму мониторингінің кестесін талапқа сай іс жүзінде жүргізіліп отырады.

МАД топтарының 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілердің мониторинг нәтижелерінің бақылау парақтары сайтқа салынды, баламен жұмыс жүргізген жеке даму картасы жасалды. Мониторингтің нәтижелерін бақылау парақтарымен қоса баланың жеке даму картасына енгізу толық іске асырылды.

«Денсаулық» білім саласы бойынша:

Мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелері туралы білімі орта деңгейде қалыптасқан. Қимылы дамыған, барлық ойындар мен тапсырмаларды орындай алу дағдысы қалыптасқан. Ұйымдастырылған оқу қызметі, түрлі тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелері туралы білімдері қалыптасқан. «Қатынас» білім саласы бойынша:

Сөйлеуді дамыту оқу қызметі бойынша (сюжеттік және тақырыптық суреттер) бойынша дидактикалық материалды жанарту, қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап беруі қалыптасқан, жеке баламен жұмыстар жасалған. Ата-аналар үшін сипаттамалық әңгімелер құрастыруда үйлесімді сөйлеуді дамыту туралы жадынамалар жасап, жұмыстар жүргізген.

«Таным» білімі саласы бойынша:

Тәрбиешінің көмегімен түстерді ажыратады, санай алады, геометриялық пішіндерді ажырата алуға дағдыланады. Біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады, бірдей заттарды ұзындығы мен ені, биіктігі бойынша беттестіру және тұтастыру арқылы салыстырады. Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша:

Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екенін түсінеді. Түстерді өз қалауы бойынша таңдай алады. Сурет салуда әр түрлі техниканы пайдалана алады. Қазақтың ою-өрнектерін таниды. Ою өрнектермен ұлттық киімді сала алады. Ұжымдық жұмыстарды орындайды. Ойынан сурет сала алады. Мүсіндеудің әр түрлі әдістерін қолдана алады. Ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу қабілеттері қалыптасқан. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын таниды, ою-өрнекпен әшекелей алады. Бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады. Құрастыру барысында жеке және топпен жұмыс жасай алады.

«Әлеумет» білім саласы бойынша:

«Әлеумет» білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде балаларды туған өлкесімен, оның тарихымен, табиғатымен, көрікті жерлерімен таныстыруға әдіс тәсілдерді қолданып нәтижеге жеткен.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелерін талдау:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес әр топтың тәрбиеленушісіне жеке даму картасы жасалды. Баланың жеке даму картасы баланың мектепалды даярлық сыныбында болатын барлық уақытта жүргізіліп отырды. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз ете отырып, оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылып отырды.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) бес дағдылары бойынша нәтижелері талданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бастапқы бақылауға арналған индикаторлар бақылау парағында көрсетілді. Сонымен қатар, аралық, қорытынды бақылаулардан күтілетін нәтижелерден баланың білік, дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелері бақылау парағына енгізілді. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес әрбір жас кезіндегі құзыреттіліктерді меңгеру деңгейіне сай жүргізіледі.

Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы

3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен өзгертілген) (бұдан әрі – **ҮОЖ) сәйкестігі; (өткен 2 оқу жылын қоса алғанда)**

Мектеп бағаланатын кезеңге (2 оқу жылы) және 2024 жылдың тамыз айына дейінгі өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы № 282 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына жыл сайынғы енгізілген өзгертулерге сәйкес жасалған мектептің жылдық оқу жоспарларына қысқаша талдау.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (*Бастауыш сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 1,6,39-қосымшасы; *Негізгі орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 1-қосымшасы; *Жалпы орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №412 бұйрығымен өзгертілген) 39-қосымшасы).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып, «kundelik.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды. ІІ тоқсаннан бастап, облыстық басқарма хаты негізінде электрондық журналымыз «kundelik.kz» порталынан «onlinemekter.org» платформаына ауыстырылды.

2024-2025 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (*Бастауыш сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгертілген) 1-қосымшасы; *Негізгі орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта,

жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен өзгертілген) 6-қосымшасы; *Жалпы орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 39- қосымшасы;).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып, «BilimClass.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды.

Сабақ кестесі санитарлық ережелерге сәйкес және жұмыс оқу жоспарына сай құрастырылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде

дайындалды, сабақ кестесін мектеп директоры бекіткен және мектептің кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісілді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны және ұзақтығы көрсетілген.

2025-2026 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (*Бастауыш сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгертілген) 1-қосымшасы; *Негізгі орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен өзгертілген) 6-қосымшасы; *Жалпы орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 39- қосымшасы;).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып, «BilimClass.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды.

Сабақ кестесі санитарлық ережелерге сәйкес және жұмыс оқу жоспарына сай құрастырылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде

дайындалды, сабақ кестесін мектеп директоры бекіткен және мектептің кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісілді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны және ұзақтығы көрсетілген.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Бағаланатын кезеңдердегі оқу жылдарына сәйкес мектептің оқу процесінде қолданылған бағдарламалардың «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының (жылдарына сәйкес енгізілген өзгерістерін көрсете отырып) тиісті

қосымшаларын көрсетіп қысқаша талдау:

2023-2024 оқу жыдында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2024-2025 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрығын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында «Kundelik.kz», «Bilimklass.kz» платформаларына мектептің жұмыс оқу жоспары, үлгілік оқу жоспарына сәйкес күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар электронды түрде оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын пәндер бойынша толтырылды. Мектептің басшылық пен бақылау жоспарына сәйкес тоқсан сайын электронды журналдың жүргізілу барысы тексеріліп, кемшілік жіберілген мұғалімдерге ескертіліп отырды.

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылына «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру мақсат, міндеттер айқындалды. Ұйымдастыру шаралары іске асты сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, сынып бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Мектеп және сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша толық қамти отырып, жұмыс жасалды. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. мектебі 2023 - 2024 оқу жылындағы «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында атты салтанатты жиын туралы 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің ұйғарымымен «1 қыркүйек Білім күні» мерекесінің салтанатты жиыны мен алғашқы тәрбие сабақтары «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиыны ағымдағы жылдың 1 қыркүйек күні өткізілді.

Мақсаты: жана оқу жылының басталуы карсанында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, он козкарас қалыптастыру.Салтанатты жиын жоспар негізінде 09.00-де басталып, 09.45- те аяқталды. Салтанатты жиын жүргізушілердің сөзінен басталып мерекелік іс- шараны салтанатты түрде ашу үшін алғашқы сөз кезегі мектеп директорына берілді.

Бірыңғай сынып сағаттары «Әділетті Казакстан: сапалы білім, адал ұрпак, табысты ұлт» тақырыбында өткізілді. Сынып сағаттарына 1-9 сынып оқушылары қатысты. "Сәлем,жана оқу жылы" " Еңбегі адал жас ерен " жобасы аясында "Таным. Тағылым. Тәрбие" атты тақырыпта сынып сағаты өтілді.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

«Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша төмендегі іс- шаралар атқарылды

"1-қыркүйек Білім күніне" орай "Мектеп -мейірім мекені" тақырыбында салтанатты жиын өтті. "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында "Сәлем, жана оқу жылы" тақырыбында сынып сағаттары өтілді.

"Жер-2023" Республикалық командалық-штабтың оқу жаттығуы бойынша "Баршаның назарына!" құлақтандыру дабылы іске қосылып, облыс бойынша жалпыға бірдей сейсможаттығулар өткізілді.

Мектеп ғимаратындағы оқушылар, мұғалімдер, кіші қызметкерлер жаппай қауіпсіз аймаққа шығарылды.

Мектепішілік "Зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбындағы ата-аналар жиналысында күн тәртібіндегі төмендегі мәселелер қаралды:

- кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын әрекеттерін күшейту;
- зорлық-зомбылықты болдырмау және суицидтің алдын алу;
- бала құқықтарын қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- ерте жүктіліктің алдын алу және отбасылық тәрбиені күшейту;

Жиналысқа Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік қызметкері , жастар ресурстық орталығының психолог маманы қатысты.

Қыркүйек айында сынып жетекшіледің ұйымдастыруымен "Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасы аясында, ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ құндылықтарын игерту мақсатында "Бес нәрсеге асық бол..." тақырыбында сынып сағаты өтілді

"5-қазан Ұстаздар күні" мерекесіне орай "Ұстазыма мың алғыс" челленджі өткізілді. Мақсаты: Қоғамдағы мұғалімнің кәсіби мәртебесі мен имиджін көтеруге ықпал ету. Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Челленджді Республикалық "Абай оқулары" өлеңімен бастады.

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен 04.09.2023 жылы өткен №28 кеңестің хаттамалық тапсырмасын орындау мақсатында 20.10.2023 ж. күні "Майбулақ" жалпы білім беретін мектебінде "АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ" орталығының нұсқау хатымен, мақсат-міндеттерімен, бағдарламасымен мектеп ұжымын таныстыру, міндеттерді бөлісу, мектепте АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ" орталығын құру мақсатында жиналыс өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының ашылу мақсаты – ата-аналар қауымын, отбасын нығайтуға, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерін біріктіру және балалардың заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағыттау, білім алушыларды тәрбиелеу, дамыту және оларға білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік беру.

Қазан айында "Төрт тоқсан - төрт өнер" ұлттық мәдени-ағартушылық жоба аясында Республика күніне орай "Ақындар айтысы" ұйымдастырылды.

Қараша айының екінші аптасында "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының бағдарламасы бойынша 5-9 сынып ата-аналарымен "Баланың бас ұстазы- ата-ана" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті- қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету екендігін талдау.

Қараша айында «Даналық мектебі» клубының жоспарына сәйкес, жеңге мен қайын сіңлі арасындағы өзара сыйластықты, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, жеңге мен қыз арасындағы тәрбиені одан әрі дамыту, адамгершілік қасиеттерін, Отанын, тілін, ұлттық салт-дәстүрді қадірлеуге тәрбиелеу мақсатында «Сырғалым-сырласым» тақырыбында 8-9 сынып қыздары мен жеңгелері арасында сайыс өткізілді.

Желтоқсан айының бірінші аптасында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жоспарына сәйкес, сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 1-4 сыныптардың ата-аналарымен «Әрбір бала – жарық жұлдыз» тақырыбында тренингтер өтілді.

Сабақтың мақсаты:

1. Ұлттық мәдениет дәстүріне сүйене отырып ерік қасиеттер мен мінезді тәрбиелеу.
2. Темпераменттің оқу қызметіне, мінез-құлқы мен қарым-қатынасына әсері.
3. Баланың темпераментіне сәйкес оның ерекшелігін қалай ашуға болады.
4. Әр баланың ерекшелігін ашуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі.
5. Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру.

15.12.2023 жылы «Тәуелсіздік-тұғарым!» тақырыбында әдеби іс-шара өтті. Мақсаты: Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу, егемендігі, дамуы туралы мәлімет беру, тәуелсіздікке қалай жеткендігін баяндау. Оқушыларды өз тәуелсіз елін сүйуге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, отаншылдыққа, елжандылыққа, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

15.12.2023 жылы сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Тәуелсіз елім –Қазақстан!» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті.

Мақсаты: Оқушыларды Қазақстан Республикасы өз алдына дербес ел болуына 32 жыл толуымен таныстыру, тамыры терең тарихын еске түсіру.

Отанын сүйуге, мақтаныш етуге, еліміздің нағыз азаматы бола білуге тәрбиелеу.

Қаңтар айында «9 айға-9 іс-шара», «4 тоқсанға-4 өнер» тұжырымдамаларына сәйкес, «Асық ату» челленджі өтті. Мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін ояту, қазақтың мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау 2024 жылы 01- ақпан күні сағ 11:00 де 7-9 сынып оқушыларының арасында “Мен үлгі тұтатын адал адам” тақырыбында бірыңғай сағаты өткізіліп, оқушыларға эссе жаздырылды. Бірыңғай сағатты өткізудегі мақсат: адалдық негізінде өскелең ұрпағымыздың өзіндік бағдарын анықтауына жол көрсететін тәлім- тәрбие беру.

Ақпан айында "Даналық мектебі" клубының жоспарына сәйкес "Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.

Ақпан айында "Ұлттық мектеп лигасы" жобасы аясында "Ұлттық ойын-ұлт қазынасы" тақырыбында сыныптас тыс іс-шара өтті.

«Соңғы қоңырау» мерекесіне байланысты мектеп мұғалімдерімен ата-аналардың жалпы кезектен тыс жиналысы өткізілді.

Күн тәртібіндегі мәселе:

25-мамыр «Соңғы қоңырау» мерекесіне орай қаржы жинау фактісінің алдын алу.

<https://www.facebook.com/share/p/173weiTS4X/>



80

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де 1-Наурыз Алғыс айту күніне орай қазақ тілі пән мұғалімі Букеева Айжан апайдың ұйымдастыруымен «Қазақ еліне мың алғыс» тақырыбында эссе жазылды.

<https://www.facebook.com/share/p/14KBb7DNCBH/>




81

Алғыс айту күні бұл- ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған күн!

Көктемнің алғашқы мерекесінде мектебіміздің кітапханашысы Нағима Мырзабек апайымыздың ұйымдастыруымен мектеп мұғалімдеріне оқушылары алғысын, тілектерін білдірді.

<https://www.facebook.com/share/v/1GcH5EgP1c/>



82

Түркістан облысы Қазығұрт Аудандық білім бөліміне қарасты.«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де 03.03.2025ж 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай күніне 2-9 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Ана – өмір гүлі. Анаға тек ұлылық тән екенін ұғындыру. Анаға деген бала махаббатын ояту. Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сіздерді аналарды қадірлеуге, құрметтей білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/16xgPKG9Fe/>



8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесі 🌷

🌷 07.03.2025 жылы Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де мектеп тәлімгері Ж.Умирзакова және ұйымдастырушы педагог Е.Мамыровтың ұйымдастыруымен «Ананың аялы алақаны» атты 8 Наурыз-Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шара өтті! 🎉

🌷 Іс-шара барысында барша ару апайларымызды құттықтап, гүл шоқтарын табыс етті. 🌷 Аналарымызға деген шынайы құрмет пен мейірімімізді білдіріп, ерекше көңіл-күй сыйлады.

Мереке мектебіміздегі өнерлі оқушылар мен ұстаздардың керемет концерттік бағдарламасымен жалғасын тауып, қатысушыларға тамаша көңіл-күй сыйлады.

Барша аналарымызды тағы да мерекелерімен құттықтап, әрқашан бақытты, аман-есен болуларын тілейміз! 🌷

#8Наурыз #ХалықаралықӘйелдерКүні #Жаңабазарауылы
#АналарғаҚұрмет #Анабiздiңжүрегiмiз

<https://www.facebook.com/share/v/1ZCBUL29HP/>

09:06 1

Публикации Фото Видео

Бибол Құдайназаров НОМ
12 мар. · 🌷

🌷 8 Наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесі 🌷... Ещѐ

Сагира Алимова

Нравится Комментировать Поделиться

84

«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де 2025 жылдың 14 күні "24 наурыз - Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне" орай мектеп медбикесі Б.Бохатова, мектеп тәлімгері Ж.Умирзакова "Ия, біз туберкулезді жеңе аламыз!" тақырыбында бастауыш сыныптардан диктант жаздырып, жалпы оқушыларға слайдпен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, Туберкулез ең қауіпті инфекцияның бірі екенін және сақтық шаралары мен салауатты өмір салтын ұстау қажеттігі жөнінде ақпараттар берілді. Жиналыс соңында оқушылар өз көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, мардымды жауаптар алды

<https://www.facebook.com/share/p/1G9Pk5QyRA/>



85

“КӨРІСУ КҮНІ” , “АМАЛ МЕРЕКЕСІ” ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Татулықтың, сыйластықтың белгісі болған
14 – наурыз “Амал” немесе “Көрісу” күні – қазақ халқының ертеден келе жатқан мерекесі құтты болсын.Еліміздің ырыс-ынтымағын артып, татулықтың таңбасына айналған қастерлі мереке әр шаңыраққа жақсылық, ырыс, несібесін молынан ала келсін деп тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/v/19ahfXkEjg/>



86

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының білім бөлімінің "Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп" КММ-де 15.03.2025ж күні сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Мектептің барлық қызметкерлері мектептің ауласында тазалық жұмыстарын жүргізді.

🌿 Сенбілікті өткізудегі басты мақсаты – қоршаған орта мен тұрғындар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, азаматтық жауапкершілікті арттыру, экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру және нығайту мақсатында құрылған қоғамдық игілікке ұқыптылықпен қарау;

<https://www.facebook.com/share/p/1Aea2bwuRG/>



87

15 - НАУРЫЗ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ!

Наурыз – мейірім мен қайырымдылық мерекесі. Халқымызда "Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көресің" деген тағылымды нақыл сөзі бар. Қайырымдылық ізгіліктің, адамның адамға деген таза ниетін, адамгершілік қарым - қатынасын көрсететін адамдардың бір - біріне деген сүйіспеншілігі мен көмегі.

2025 жылдың 15 наурыз күні "Наурызнама" онкүндік іс - шарасының жоспарына сәйкес "Жылы жүрек" тақырыбында қайырымдылық акциясына атсалысты.

Ізгіліктің бастауы - қайырымдылық. Қолынан келген көмегін аямай, акцияға қолдау білдіріп, көмек қолын созған оқушыларымызға шынайы алғысымызды білдіреміз.

"Қайырымдылық – адамның жүрегін жылытатын ең асыл қасиеттердің бірі. Қарттарға көмек көрсету арқылы біз тек материалдық емес, рухани жылулық сыйлаймыз. Олардың дұғасы мен алғысы – біз үшін ең қымбат сый.

<https://www.facebook.com/share/p/1CzyGm7JVY/>

09:16 1 86

Публикации Фото Видео

Бибол Құдайназаров НОМ
17 мар. · 🧑

15 - НАУРЫЗ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ!...
Ещё

Наурыз
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КҮНІ
15 наурыз 17:00-19:00 | "Настан-Махамбет" алаңы

Нравится Комментировать Поделиться

88

18 НАУРЫЗ -НАУРЫЗНАМАНЫҢ ТӨРТІНШІ КҮНІ - “ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ

Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» "Ұлыстың ұлы күні- Өз Наурыз" мерекесін атап өту іс шара жоспары аясында «Ұлттық киім» күні ұйымдастырылды. Мектептің ұстаздары ұлттық трендте

Мақсаты — қазақтың ұлттық киім үлгілерін көпшілікке насихаттау арқылы қазақтың киім кию үлгісін заманауи жаңғырту. Ұлттық киім күні – киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдени әралуандығын танытуға мүмкіндік береді.

<https://www.facebook.com/share/v/14L1tpqfr5/>

09:17 1

Публикации Фото Видео

Бибол Құдайназаров НОМ
19 мар. · 🌐

18 НАУРЫЗ -НАУРЫЗНАМАНЫҢ ТӨРТІНШІ КҮНІ - “ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ... Ещѐ

2 2 комментария 37 просмотров

Нравится Комментировать Поделиться

89

"ҚОШ КЕЛДІҢ-ӘЗ НАУРЫЗ"

Бәріміздің асыға күткен Наурыз мерекесі құтты болсын. Наурыз - "жана күн" деген сөз. Бұл күн - біздің ата-бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы - Наурыз мерекесі.

Наурыз - көктем мерекесі, Наурыз - қуаныш мерекесі, бақыт пен шаттық мерекесі. Осы мереке қарсаңында

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» 20.03.2025ж күні 2-9 сыныптар арасында "Қош келдің-Әз Наурыз" мерекесі өткізілді.

Мақсаты: балаларды халқымыздың салтын, дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтеуге, өнерлі, өнегелі азамат болуға, бірлікке, достыққа тәрбиелеу.

Наурыз мерекесінде қашанда құт- береке орнасын деп шашулар шашылды.

Мерекеге 2-9 сынып оқушылары наурызға арналған жыр шумақтарын айтып, би билеп, әндерден шашу арнады.

<https://www.facebook.com/share/p/1LaP23pjDv/>



90

16 наурыз-Шаңырақ күні 🏠

Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы аясындағы «Шаңырақ» күні жалпыұлттық отбасылық құндылықтар мен кіршіксіз махаббат күніне айналады.

Әрбір шаңырақта қазыналы қарттарынан тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алып бойына сіңіріп өскен жас жеткіншек-ұрпақтар — қазақи құндылықты біліп, ақ пен қараны айырып, адамгершілік, рухани азық жинап өседі.

Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де 7-сынып жетекшісі Өскенбаева Ақбөпе Жанысбекқызының ұйымдастыруымен Шаңырақ күні орай сынып сағаты өтті.

🕌“Тәрбие - тал бесіктен”-деген ата-бабамыз!

“Жұмыла көтерген жүк жеңіл” демекші. Әрбір жанұя әрбір игі істе жұмылған жұдырықтай бірге болса, алмайтын қамал, бағындырмайтын белес болмайды!

“ШАҢЫРАҚ күні” құтты болсын!

<https://www.facebook.com/share/p/19bdLjvp3o/>



91

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ, САЛТ-ДӘСТҮР - ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

17 наурыз – «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні». Бұл күні халқымыздың мәдениеті мен ұлттық салт-дәстүрі ұлықталады. Барлық іс-шаралар мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналады.

Халқымыздың дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғысы, наным-сенімі мен ұлттық ұстанымын насихаттау ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тәрбиенің бастамасына айналды.

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-нің 4 сынып оқушылары да Халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттап көрсете білді.

Сондықтан, ата дәстүрі бойынша әрбір ұрпақ қазақтың тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын, өсиет-өнегелерін өзіне үлгі-өнеге тұтуға тиіс. Бұл болашақ ұрпағынан зор үміт күтіп отырған халқымыз үшін маңызды.

<https://www.facebook.com/share/p/19onmZxDEo/>



20 НАУРЫЗ - «ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ»

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп»КММ-де «Ұлттық спорт» күні аталып өтті.

«Наурызнаманың» онкүндігі аясында әр күн түрлі тақырыптарға арналғаны белгілі. Осыған сәйкес, 20 наурыз - Ұлттық спорт күні болып бекітілді.

Қазақтың ұлттық спорты – рух пен намысты қайрап, бойдағы қуатты шыңдауға өз септігін тигізеді. Ұлттық спортпен шұғылданатын спортшылардың бітім-болмысының өзгеден бөлектеніп тұратыны да осыдан болса керек. Ұлттық спортты ұлықтауға арналған бұл күн спортшылар мен қарапайым халық арасында мереке салтанатын ерекше сезінуге септігін тигізері анық.

Ұлттық спорт күнінде «Ұлттық ойын – халық мұрасы», «Ұлы дала тарландары» тақырыптарында қазақ күресі, теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, асық ату, тоғызқұмалақ, бес асық, арқан тарту, ләңгі тебу секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып жатыр. Біздің мектепте өз үлестерін қосып, асық ату, арқан тарту секілді жарыстарды өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/1FCxJ3HzsR/>




93

19 наурыз-Жаңару күні

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де бұл күні табиғат түлеп, тіршілік оянады. Жаңару күніне орай мектептің ауласындағы ағаш көшеттерінің түбін қопсытып және бұтақтарына шырпу жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Hq8AP3BcJ/>



Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында оқушылардың көктемгі демалысын және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепшілік көктемгі демалысты ұйымдастыру кезінде “Жол ережелерін ұмытпайық” тақырыбында қауіпсіздік ережелерін оқушылар және атаналарға сынып жетекшілер таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/p/19YSqnRzhn/>



Каникулда кітап оқимыз! 📖📖📖

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де кітапханасы "КАНИКУЛДА КІТАП ОҚИМЫЗ!" тақырыбында оқушыларды кітап оқу марафонына қатысуға шақырады. Каникул – демалу уақыты ғана емес, өзімізді дамыту мүмкіндігі де. Кітап – адамның ой-өрісін кеңейтетін, қиялын ұштайтын және жаңа әлемдерді ашатын ең жақсы серік.

Оқушыларға көктемгі демалысты қызықты әрі пайдалы өткізу үшін кітап оқуды әдетке айналдыруға шақырамыз! Қызықты оқиғалар, ертегілер, шытырман оқиғалы хикаялар мен танымдық кітаптар – бәрі де балалардың рухани байлығын арттыруға көмектеседі.

- 📖 Кітап оқудың пайдасы:
- ✅ Сөздік қоры байиды
- ✅ Ойлау қабілеті дамиды
- ✅ Шығармашылық қабілеті артады
- ✅ Сабаққа дайындықтың негізі қаланады

<https://www.facebook.com/share/v/17FSerJvEv/>

09:20 1 49% 85%

Публикации Фото Видео

Бибол Құдайназаров НОМ
28 мар. · 🧑

Каникулда кітап оқимыз! 📖📖📖... Ещё

Нағима Мырзабек


Нравится Комментировать Поделиться

96

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп » 2024-2025 оқу жылының 21-31.03.2025 жыл аралығында "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" негізінде оқушылардың көктемгі демалысын және бос уақытын тиімді әрі тұлғалық дамыту мақсатында мектепшілік "Көктемгі каникул" іс шара жоспарына сай 26.03.2025 жыл күні ұйымдастырушы педагогтың ұйымдастыруымен "Ата-аналарды қолдау " орталығы аясында. "Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер" тақырыбында мата, жүн, былғары, киіз, ағаш, жіп, қағаз, сазбалшық және тағы басқа заттардан қолөнер туындыларын әзірлеуден 5-8 сыныптар арасында қолөнер байқауы өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды қазақтың қолданбалы қолөнер бұйымдарының түрлері мен қолданылатын материалдары және орындау техникасы туралы түсінігін қалыптастыру. Шығармашылық қиялдың, ойлау әрекетінің дамуын салыстыру, талдау, ептілігін, икемділігін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/p/16pXDVb1kM/>




97

КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС...

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де Біртұтас тәрбие бағдарламасы "Еңбегі адал жас өрен" жобасы аясында оқушылардың демалысын тиімді пайдалану мақсатында түзген іс-шаралар жоспарына сәйкес "Көктемгі тамаша көрініс" тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1BCtZ2akdN/>



«ЕҢБЕГІ АДАЛ ЖАС ӨРЕН» жобасы


Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де «Табысты тұлға» тақырыбында оқушылар эссе жазды.

Бұл шараның мақсаты — оқушыларды өзіне мақсат қойып, оған жету жолындағы табысты тұлғаларды таныстыру, олардың өмірінен үлгі алу және жеке тұлғаның дамуы мен жетістігі туралы ой-пікірлерін білдіру болды.

Эссе жазу барысында оқушылар табысты тұлғаларды, олардың жетістіктері мен өмір жолдарын мысалға алып, өз көзқарастары мен пікірлерін жазды. Әр оқушы белгілі бір тұлғаның өміріне талдау жасап, оның табысқа жету жолында қандай қиындықтардан өткені, қандай қасиеттері мен әрекеттері оны табысты еткені туралы жазды. Сонымен қатар, оқушылар өздеріне үлгі болар тұлғаларды таңдап, өз өмірлерінде қандай табысқа жету үшін қандай қасиеттер мен дағдыларды дамыту керектігін атап өтті.

Эссе жазу барысында оқушылардың ой-өрісін кеңейту, өзін-өзі бағалауға, өз мақсатына ұмтылуға деген көзқарасын қалыптастыру көзделді. Жазылған шығармалар оқушылардың өз өміріндегі табысты тұлғаның маңызын түсінуге және өз болашағына деген сенімін арттыруға ықпал етті.

<https://www.facebook.com/share/p/1CSWXNhRgD/>



АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ- САУАПТЫ ІС 🍀

КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС КҮНДЕЛІГІНЕН

🍀 🍀 Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ -де көктемгі демалысты тиімді өткізу жоспарына сәйкес “Еңбегі адал жас өрен жобасы “ аясында

“ Ағаш отырғызу- сауапты іс” тақырыбында сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 2-9 сынып оқушылары ағаштар отырғызды.

🍀 Табиғаттың жаңарып қайта жасару шағында жас ағаштар отырғызу-сауапты іс екенін жас ұрпақтың бойына сіңіру басты міндетіміз.

<https://www.facebook.com/share/p/1F83mW7Utp/>



100

«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де "ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" жалпыұлттық экологиялық акциясы негізінде сенбілік ұйымдастырылып, мектеп қызметкерлері мектеп ауласын тазалау жұмыстарын жүргізді.

📖 Акцияның мақсаты - экологиялық мәдениетті қалыптастыру, " адал адам - адал еңбек - адал табыс" патриотизм құндылықтарын дәріптеу, сондай- ақ қоршаған ортаға ұқыпты қарау.

<https://www.facebook.com/share/p/19hzG7xHhx/>



101 2 СӘУІР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР КІТАБЫ КҮНІ

⚡ Бүгін – әлемнің түкпір-түкпіріндегі балалар мен кітапсүйер қауым үшін ерекше күн! 2 сәуір – әйгілі ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің туған күніне орай Халықаралық балалар кітабы күні болып белгіленген.

Кітап – бала қиялын кеңейтетін, білімін молайтып, арманын ұштайтын асыл қазына.

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де барлық балаларды кітап оқуға, ертегілер әлеміне бойлауға үнемі шақырады.

Халықаралық балалар кітабы күніне орай 3 сынып оқушылары жетекшісі Мырзабаева Әдемі апайымыздың ұйымдастыруымен сынып сағатын өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/19eVaZyEU6/>



102

2 СӘУІР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР КІТАБЫ КҮНІ!

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де барлық балаларды кітап оқуға, ертегілер әлеміне бойлауға үнемі шақырады.

Халықаралық балалар кітабы күніне орай мектеп кітапханашысы Нағима Мырзабек апайымыздың ұйымдастыруымен «Біз таңдаған кітап» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/173JvLJuK5/>



103

Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша Департаментінің 11.04.2025 ж. №28-1-3\629-4 хатына сәйкес, «2025 жылға жастар арасында академиялық адалдықты ілгерілету бойынша кешенді Жоспарына» сай білім беру ұйымдарында заңсыз алымдарға тыйым салынған. Осыған орай алдағы келе жатқан 25 мамыр «Соңғы қоңырау» мерекесінде қаржы жинау фактісінің алдын алу бойынша ата - аналар мен ұстаздарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ұстаздарға оқушылар мен ата-аналар тарапынан сыйлық алуға, ақша жинауға қатаң тыйым салынып, ол үшін жауапкершілік көзделгенін ескертті.

<https://www.facebook.com/share/p/1J3LP3v4mq/>



«Ұят – заңмен шектелмейді» атты қыздар жиналысы

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жігерген ауылындағы «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-сі мен Жігергендік "Асыл әжелер" алқасы бірігіп, "Ұят – заңмен шектелмейді" тақырыбында маңызды қыздар жиналысын өткізді.

Іс-шараның басты мақсаты – қазақи тәрбие арқылы қыз баланың отбасындағы рөлі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жеке бас гигиенасы мен ерте жүктіліктің алдын алу мәселелеріне көңіл бөлу болды.

Жиналысты мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақыт Сарсеков ашып, шараның мазмұнды әрі пайдалы болатынына сенім білдірді. Жиын басында өзімшіл қыз бен анасының арасындағы келіспеушілікті бейнелейтін бейнебаян көрсетіліп, қыз баланың дұрыс жолды таңдауы, тәрбие мен ата-анамен байланысының маңыздылығы көрсетілді.

Мектеп психологы ауыр бейнебаяннан кейін "Сергіту сәтін" ұйымдастырып, қыздардың көңіл-күйін көтерді. Жігерген ауылдық округінің әжелер алқасының төрайымы Баян Рымбекова мен мүшесі Сайлаукүл Құдайберген өз пікірлерімен бөлісіп, тәрбиенің ұлт болашағындағы рөлін атап өтті.

Әжелер алқасының мүшесі Ғалия Сүлейменова «Ұят – заңмен шектелмейді» тақырыбында слайд арқылы мазмұнды баяндама жасады. Ауылдық амбулаториялық пункттің акушеркасы Қонарбай Балнұр «Ерте жүктіліктің зияны» туралы айтып, жасөспірім қыздарға медициналық тұрғыда түсінік берді. Мектеп медбикесі де қыз баланың тазалығы мен өзін-өзі күтуі жайында кеңестер берді Рахима және Назира әжелер «Ұят болады, обал болады, сауап болады» деген тақырып аясында қыз балаға тән ибалық пен инабаттылық туралы өз өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Ауылдық амбулатория психологы Ақбөпе Айтенова қыздармен психологиялық тренинг өткізіп, ішкі жан-дүниені түсінудің, өзін-өзі бағалаудың маңыздылығын ұғындырды.

Кеш соңында Баян әже қыз баланың болашағына бағдар беріп, батасын берді. Жиналыс тәрбиелік мәні терең, тағылымы мол шара ретінде қыздар санасына ұлттық құндылықтар мен адалдық, ар-ұят секілді қасиеттердің дәнін себе білу керектілігі түсіндірілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1ZNBihZeCV/>

09:49 1 4G 79

Публикации Фото Видео

Бибол Құдайназаров НОМ
29 апр. · 🧑

«Ұят – заңмен шектелмейді» атты қыздар жиналысы... Ещѐ

Нравится Комментировать Поделиться

Қыз бала – ұлттың ұяты, елдің айнасы. Оның тәрбиесі – бүкіл қоғамның басты міндеті. Мұндай іс-шаралар арқылы қыздарға дұрыс бағыт беріліп, оларды ибалыққа, ұлттың рухани байлығына жақындата түседі. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы екенін ұмытпайық!

105 "1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні" тәрбие сағаты

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай бастауыш сыныптарда тәрбие сағаттар өтті. Сабақта балалар бұл күнді халық ерекше қуанышпен тойлайтынын, сан алуан ұлт өкілдерінің бір аспан астында өте тату тұратынын ұғынды.

<https://www.facebook.com/share/v/1A92sVY4nZ/>



106

«ЕР ЕСІМІ-ЕЛ ЕСІНДЕ» АТТЫ ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ТАРБИЕ САБАҚТАР ӨТІЛДІ.

Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп " КММ-де 9-Мамыр Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай сынып жетекшілігімен «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өтілді.

Тәрбие сағатының мақсаты: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу.

Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1GhtyT2axK/>



107


“ӘСКЕРДЕГІ САРБАЗҒА ХАТ” ЧЕЛЛЕНДЖІ ✨

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы "Биболқұдайназароватындағы негізгі орта мектеп" КММ-де "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында, Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жыл толуына орай “ӘСКЕРДЕГІ САРБАЗҒА ХАТ” атты патриоттық челленджі өткізілді.

Челлендждің мақсаты – Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп жүрген сарбаздарға құрмет білдіру, жастардың патриоттық рухын көтеру және ұрпақтар арасындағы сабақтастықты дәріптеу.

Мектеп оқушылары жүрекжарды хаттар мен ашық хаттар жазып, сарбаздарға шынайы алғыс пен ізгі тілектерін жолдады. Бұл шара оқушылардың елге, ерлікке деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сана-сезімдерін тереңдетуге ықпал етті.

<https://www.facebook.com/share/v/16rXmKNaaQ/>



108

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» 08.05.2025 ж күні Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай "Ұрпаққа үлгі болған Ұлы Жеңіс" атты іс-шара жоспарына сәйкес "Ұлы жеңіске 80жыл" атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Бізге Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Қанша бала жетім қалды, қанша ана жесір қалды, қаншама қыршын боздақтарымыз Отан үшін өмірін қиды. Соғыс зардабы қаншама жүректерге жазылмас жара салды. Бірақ, бізге –тыныш жылдар, бақытты өмір сыйлаған ата-бабаларымыздың ерлігін ұмыттырмақ емес! Ер есімі - Ел есінде мәңгілік сақталады. Іс-шара барысында оқушылар жеңіс туралы әндер шырқап, жыр шумақтарын арнады.

Іс-шараның мақсаты: Отан үшін жанын пида еткен батырларды еске алу, олардың ерлігі мен қайсарлығын ұрпақ жадында сақтау. Жастарға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге, бейбіт өмірдің қадірін білуге үйрету. Ұлы Отан соғысының маңызын түсіндіру, сол жылдардағы халықтың ерлігі мен төзімділігін дәріптеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1C1rhHsexv/>



109

"Ел қорғаған батырлар" сурет байқауы

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де 2025 жылдың 2 мамыр күні "Ұлы Жеңіс: Ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі" атты он күндік іс-шара аясында, "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша 1-4 сынып оқушылары арасында "Ел қорғаған батырлар" тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, соғыс ардагерлерінің ерлігін ұлықтап, жас ұрпақтың патриоттық рухын қалыптастыру.

Байқау барысында оқушылар өз қиялдары мен жүректеріндегі батыр бейнелерін сурет арқылы жеткізіп, ерлік пен елдік ұғымдарын көркем тілмен бейнелей білді.

Ұрпақ жадында – батырлар ерлігі!

<https://www.facebook.com/share/p/1A4btQ7osc/>



110

11 МАМЫР-Аналар күні!
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы
«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де
🌹 Аса қадірлі асыл аналар!
🌸 Сіздерді "Аналар күні" мерекесімен шын жүректен шынайы
құттықтаймыз!
Ана-өмірдің бастау бұлағы, мейірім мен махаббаттың мәңгілік символы.
Ол-әрбір жүрекке шуақ шашқан күн секілді.
Бүгін аналарды ардақтайтын, олардың шексіз еңбегіне алғыс айтатын
ерекше күн.
Барша аналарға шын жүректен зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаттық пен мол
бақыт тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/v/1FPCmNzx29/>



111

Түркістан облысы, Қазығұрт аудандық білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де "Отбасым-бақыт мекенім" атты тақырыпта 6 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өткізілді, қазақ тілі пән мұғалімдері «Отбасы құндылықтары» тақырыбында эссе жазылды, бастауыш сынып оқушылары «Менің отбасым» тақырыбында сурет байқауы өткізілді.
Мақсаты:
оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу.
Оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, тіл байлығын, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.
Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке, өз ойын жеткізе білуге, отбасы құндылықтарын сыйлауға тәрбиелеу.
Әдісі:әңгімелеу, сұрақ-жауап .
Көрнекі құралдар: отбасы туралы мақал-мәтелдер, нақылсөздер, видеороликтер, суреттер және эссе.

<https://www.facebook.com/share/p/16hG3fixBG/>



112

Түркістан облысы діни істер басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ бөлім басшысы Дүйсен Асхаттың қатысуымен «Діни құқықтық сауаттылық» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді.
«Деструктивті, террористік және экстремистік әрекеттерге барудың зияндылығы» тақырыбында «Кеме Ел» қоғамдық бірлестігінің төрағасы М.Әлімбаев және аудандық ішкі саясат бөлімінің теолог маманы М.Қоңыр 8-9 сынып оқушыларымен ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1BFGYMOdFw/>



113

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы эссе байқауының қорытындысы

2024–2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында мектеп оқушылары арасында эссе байқауы ұйымдастырылды. Байқау оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай үш бағытта өтті: [OB]

- 1–4 сыныптар: Таза Қазақстан
- 5–9 сыныптар: Заң және тәртіп
- 10–11 сыныптар: Адал азамат

Байқаудың мақсаты – оқушылардың экологиялық мәдениетін, құқықтық сауаттылығын және азаматтық жауапкершілігін арттыру .

Үздік деп танылған жұмыстардың авторлары 23 мамыр күні өтетін салтанатты іс-шарада марапатталады . [OB]

- #ТазаҚазақстан
- #Заңжәнетәртіп
- #Адалазамат
- #Білімім_Отаныма

Барлық қатысушыларға алғысымызды білдіреміз және жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

<https://www.facebook.com/share/p/19R231Eq9b/>



114

«Сәт сапар саған, жас түлек!»

2024–2025 оқу жылының аяқталуына орай 23 мамыр күні «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де «Сәт сапар саған, жас түлек!» атты тақырыпта мерекелік іс-шара өтті!

Бұл күні ұстаздарға мың алғыс айтылып, мектеппен қоштасқан түлектерге ақ жол тілеген сәттер жүректі тербетті. Сонымен қатар мектеп директоры Беркімбаев Қуатбек Жаханұлы мен сыйлы қонақтарымыз Қазығұрт аудандық ішкі істер бөлімінің полициясы Мырзаметов Ернұр және ауылымыздың әжелер алқасының мүшесі Утебаева Рахима әжеміз мектеп бітіруші түлектерге ақ жол тіледі. 🌸

Шара барысында үздік оқушылар марапатталып, оқушылар мен ұстаздар дайындаған концерттік бағдарламалар көрермен көңілінен шықты. 🎵

🌸 Ұстазға – алғыс, мектепке – сағыныш, түлектерге – ақ жол!

<https://www.facebook.com/share/p/1HxuPr24Kv/>



115

«БІЛІМІМ – ОТАНЫМА» бірыңғай тәрбие сағаты өтті 🇰🇵
Түркістан облысы Қазығұрт ауданына қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп»
2025 оқу жылының 23 мамыр күні
2-9 сыныптар арасында «Білім – Отаныма» бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді.
📍 Іс-шара ҚР Мемлекеттік Гимнімен басталып, жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

🎯 Тәрбие сағатының мақсаты –
оқушыларды ұстаздарын құрметтеуге,
білім ұясына қамқор болуға,
білімге құштарлықпен қарауға,
жыл бойы алған білімінің нәтижесін саралай білуге тәрбиелеу.
Білім – ел болашағының алтын қазығы.
Отанын сүйетін әрбір жас білімге талпынуы керек!

<https://www.facebook.com/share/p/1MkB9ZzURk/>



116


Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп " КММ-нің жалпы мектеп ұжымы 31 мамыр " Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні" ауқымды сенбілік іс шарасына белсенді қатысты. Сенбілік- табиғатты қорғауға, тазалықты сақтауға, экологиялық мәселелерге бейжай қарамауға тәрбиелеу.

Ортақ істі атқара отырып, адамдардың өзара байланысын нығайту, әлеуметтік бірлікті күшейту.

Сенбілікке қатысу арқылы азаматтар өз қоғамының дамуына үлес қосуға мүмкіндік алады.

Сенбілік – тек қана тазалық шарасы ғана емес, ол қоғамның белсенділігін, бірлігін және экологиялық санасын арттыруға бағытталған маңызды бастама екендігін жақсы түсінетін мектеп ұжымы осындай ауқымды сенбіліктен тыс қалмай, шараға қатысып, табиғатты қорғауға, экологиялық тазалықты сақтауға үлес қосты.

<https://www.facebook.com/share/p/1B8HwjhpUg/>



«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-де 2025-2026 жылғы «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша атқарылған жұмыстар

2025-2026 оқу жылына «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудың мақсат, міндеттері айқындалды. Ұйымдастыру шаралары қолға алынып сынып жетекшілер тағайындалды, оқушылардың және ата-аналардың әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер жиналды, сынып жетекшілер белгіленіп, бөлмелері бекітіліп, белгіленді. Мектеп және сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстары «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын бойынша толық қамти отырып, жұмыс жасалуда.

1

30 Тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні! 🇰🇪

Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» КММ-сінде 30 тамыз – ҚР Конституциясы күніне орай, мектеп тәлімгері Умирзахова Жадыраның ұйымдастыруымен оқушылар арасында патриоттық рухты дәріптейтін челендж өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілікті арттыру, Ата Заңымыздың мәні мен маңызын ұғындыру, құқықтық сауаттылықты дамыту.

Оқушылар белсенділік танытып, Отанға деген құрметтерін креативті жолмен жеткізді.

#Адал_азамат_Біртұтас_тәрбие
#АТА_ЗАҢЫМ_АЙБЫНЫМ

🇰🇪 Ата Заң – тәуелсіздігіміздің тұғыры, бірлігіміздің белгісі

<https://www.facebook.com/share/v/1BSsKGy3cQ/>



2

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты "Абай" жалпы білім беретін мектеп" КММ-нің әлеуметтік педагог Бакыт Сарсековтың ұйымдастыруымен «Мектепке жол» акциясы өткізілді.

Мектебімізге жеке кәсіпкерлер демеушілік жасап, 6 отбасыға көмек ретінде мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған сөмкелер үлестірді.


Акция барысында демеушілер балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Негізгі мақсаты – көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ ерекше балаларды қолдау және жаңа оқу жылы қарсаңында бір реттік көмек көрсету.

Жаңа оқу жылының қарсаңындағы игі бастама елімізде дарынды, білімді, алғыр, дені сау ұрпақ өсуіне ұйытқы болмақ.

Еске сала кетейік, жалпы бұл акция 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Жақсылық жаса» ұранымен өткізіледі. Еліміздің азаматтары әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады. Осы акция аясында қайырымдылық жасауға кәсіпкерлер, меценаттар және өзге де азаматтар қолдау білдіре алады.

<https://www.facebook.com/share/p/1Cy3uNsoj5/>



3

МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ!

👉 2025 жылдың 1 қыркүйегінде мектебімізде жаңа оқу жылының басталуына арналған «Мектебім—мейірім мекені!» мерекелік салтанаты өткізілді. Іс-шараға мектеп ұжымы, оқушылар мен ата-аналар қатысты.

Салтанатты жиын барысында:

Мемлекеттік Әнұран орындалды;

Мектеп директоры Беркімбаев Қуатбек Жаханұлы жаңа оқу жылымен құттықтау сөз сөйледі;

Құрметті қонақтар ізгі тілектерін білдірді;

1-сыныпқа келген бүлдіршіндерге арнап жоғары сынып оқушылары ақ тілектерін арнады; «Алғашқы қоңырау» соғылып, білім ордасының табалдырығын аттаған оқушыларға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Бұл күн – жас ұрпақ үшін жаңа белестерге жол ашатын, білім мен ғылымға деген құштарлықты арттыратын айрықша мереке. Білім – әрбір жетістіктің, еліміздің жарқын болашағының кепілі.

Құрметті ұстаздар! Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында жас ұрпақ тәрбиеленіп, ел игілігіне қызмет ететін азамат болып өсуде.

Қадірлі ата-аналар! Балаларыңыздың әрбір жетістігі – біздің ортақ қуанышымыз.

Ардақты оқушылар! Жаңа оқу жылы сіздерге толағай табыстар әкелсін, білімге деген ынталарыңыз арта берсін!

Баршаңызға мықты денсаулық, шығармашылық табыс, игі бастамаларыңызға сәттілік тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/p/1G1YHV8cQV/>

11:36 19

Публикации Фото Reels

Бибол Құдайназаров НОМ
1 сент. · 🧑

МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ!... Ещѐ

1 қыркүйек -
Білім күні құтты
болсын!

Нравится Комментировать Поделиться

4

«МЕНИҢ ОТАНЫМ- ҚАЗАҚСТАН» 🇰🇿 СЫНЫП САҒАТЫ

Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты «Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп» 2025 жылдың 2–қыркүйек күні барлық сыныптарда «Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Сынып сағатының мақсаты: Отанды сүйуге, ана тілін құрметтеуге, ұлтжанды азамат болуға, туған жерін сүйюге тәрбиелеу. Сонымен қатар оқушылардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыра отырып, «Адал азамат» тұжырымдамасының мәнін түсіндіру. Жеке жауапкершілік пен қауіпсіздік деңгейін арттыру.

Сынып сағаты барысында оқушылар туған жердің қадір-қасиеті, еліміздің тарихы мен болашағы туралы ой өрбітіп, Отан алдындағы перзенттік парызын сезінді.

<https://www.facebook.com/share/p/16qfrdvLJS/>



5

«Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп» КММ-де 5-қыркүйек тілдер күні мерекесіне орай «Тіл-ұлттың жаны» тақырыбында мектеп кітапханашысы Мырзабек Нағима Асанқызы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен қазақ тіліне қатысты әдебиеттер көрмесін ұйымдастырды.

Мақсаты:


Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін насихаттау;

Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін арттыру;

Оқушылардың тілге деген құрметін, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

Тіл мен Тәуелсіздік арасындағы тарихи, рухани байланысты ұғындыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1DAWqa1ygC/>



6

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп " КММ-де 5 қыркүйек тілдер күні мерекесіне орай шығармашылық байқау эссе жазу «Менің тілім-тәуелсіздігім» тақырыбында қазақ тілі мұғалімдері 5-9 сыныптардан эссе жазылды.

Мақсаты:

Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін насихаттау;

Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін арттыру;

Оқушылардың тілге деген құрметін, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

Тіл мен Тәуелсіздік арасындағы тарихи, рухани байланысты ұғындыру.

<https://www.facebook.com/share/p/16yMBGKz5y/>

11:34

Публикации Фото Reels

Бибол Құдайназаров НОМ
1 дн. · 🌐

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы шағы... Ещѐ

Нравится Комментировать Поделитьсяя

7

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп " КММ-де 5 қыркүйек тілдер күні мерекесіне орай орыс тілі пән мұғалімі Момбаева Райхан Ахмет Байтұрсыновтың өмір баяны және өлеңдерін орыс тілінде 6 сынып оқушылары айтып шықты.

Мақсаты:

- Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін насихаттау;
- Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесін арттыру;
- Оқушылардың тілге деген құрметін, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- Тіл мен Тәуелсіздік арасындағы тарихи, рухани байланысты ұғындыру.

<https://www.facebook.com/share/v/16i7Lf56fN/>

11:59

Публикации Фото Reels

Бибол Құдайназаров НОМ
Только что · 🧑

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп" КММ-де 5 қыркүйек тілдер күні мерекесіне орай орыс тілі пән мұғалімі Момбаева Райхан Ахмет Байтұрсыновтың өмір баяны және өлеңдерін орыс тілінде 6 сынып оқушылары айтып шықты.

Нравится Комментировать Поделиться

8

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп " КММ-де 8 қыркүйек күні 1-9 сынып оқушыларына 12-Отбасы күніне орай тәрбие сағаттары өткізілді. Отбасы күні мерекесінің мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, отбасының қоғамдағы рөлін нығайту, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілікті арттыру, ұрпақтар сабақтастығын сақтап, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді ұлықтау.

<https://www.facebook.com/share/p/1ALFzHZSUK/>

12:11

Бибол Құдайназаров НОМ
Только что · 🧑

Қазығұрт ауданы білім бөліміне қарасты "Бибол Құдайназаров атындағы шағын жинақты мектеп " КММ-де 8 қыркүйек күні 1-9 сынып оқушыларына 12-Отбасы күніне орай тәрбие сағаттары өткізілді. Отбасы күні мерекесінің мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, отбасының қоғамдағы рөлін нығайту, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық пен сүйіспеншілікті арттыру, ұрпақтар сабақтастығын сақтап, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрді ұлықтау.



Отбасы күні құтты болсын!

Нравится Комментировать Поделиться

--	--	--	--

«Бибол Құдайназаров атындағы негізгі орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Оқушылары сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшындық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру мақсатында мектебімізде спорттық үйірме, ақысыз үйірмелер жұмыс жүргізеді:

2023-2024 оқу жылы

№	Мектеп ішілік үйірмелер атауы	Қатысатын оқушылар саны	Жауаптылар
1	Теңбіл доп	17	Беркимбаев М
2	Дойбы	14	Мауленов Қ

2024-2025 оқу жылы

№	Мектеп ішілік үйірмелер атауы	Қатысатын оқушылар саны	Жауаптылар
1	Теңбіл доп	17	Беркимбаев М
2	Дойбы	14	Мауленов Қ

2025-2026 оқу жылы

№	Мектеп ішілік үйірмелер атауы	Қатысатын оқушылар саны	Жауаптылар
1	Теңбіл доп	17	Беркимбаев М
2	Дойбы	14	Мауленов Қ

«Бибол Құдайназров негізгі орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің психологиялық қызметі бойынша атқарылған жұмыстарының есебі.

Оқу жылындағы атқарылған барлық психологиялық іс-шараларды ұйымдастыру төменгі бұйрыққа негізделіп жасалынды. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді. Психологиялық қызметтің басты мақсаты – дамудың және оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік жағдайын ғылыми психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіндегі барлық қатысушылардың денсаулығын сақтауға арналған психологиялық жағдайларды қамтамасыз ете алатын, тұлғаны дамытумен тәрбиелеудің осы күнгі психологиялық-педагогикалық теориялары негізінде осы процесті ұйымдастыру мен құру және жүргізу. Мақсатты іске асыру барысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылдың 16 қыркүйегінде бекіткен №472 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 25.08.2022 ж. №377 бұйрығы негізінде мектеп-гимназияда психологиялық қызмет жоспары жасалынып, лауазымдық міндеттер мен істер номенклатурасы бекітілді. Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет Білім және ғылым министрі бекіткен бес бағытты қамтыды:



Психологиялық қызмет бойынша жылдық жоспар, сәйкесінше, әртүрлі бағыттағы профилактикалық және психологиялық жұмыстар, оқу-тәрбие жұмысына қатысушылармен жұмыс жоспарлары жасалып бекітілді. Психологиялық жұмыстарға арналған әдістемелік материалдар, психологиялық қолдау бағдарламалары жинақталып, кабинет жабдықталып реттелді.

Педагогикалық кеңесте мектеп ұжымы арасында психологиялық қызметтің құрамымен, мазмұны және мақсаты, жаңа оқу жылында атқарылатын іс-шаралар жөнінде таныстырылды.

Мектепте ұйымдастырылған психологиялық қызмет бойынша 1-9 сынып оқушылары толықтай қамтылып, жүргізілген бағытқа және қажеттілігіне қарай топтық және жеке жұмыстар ұйымдастырылады. Барлық психологиялық жұмыстар баланың жас ерекшелігіне қарай жүргізіліп, хаттама жазылып, педагог-психолог консультацияларын есепке алу журналына тіркеледі. Мектепте «сенім телефонымен» «сенім жәшігі» бар, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жыл бойы жүргізіледі. Психолог жұмысының негізгісі аутодеструктивті іс әрекетті жұмыстардың алдын алу бойынша топтық жұмыстар; Бестерек жобасы аясында «Үй адам ағаш» әдістемесі, «НСВ-10» әдістемесі, Зунгтің «Депрессияны анықтау шкаласы», Мазасыздану және депрессияны анықтау DASS-21 тесті, түрлі бағыттағы құқық бұзушылықты анықтау сауалнамасы, жеке оқушылармен «Отбасы суреті», сонымен қатар түскен сұраныс мақсатына қарай түрлі тесттер жеке алынады.

Бірінші кезекте мектеп оқушылары туралы мәлімет жинау мақсатында «Бестерек» жобасы бойынша сынып жетекшілерден сыныбындағы оқушылар туралы мәлімет және әлеуметтік педагогтан мектептегі көп балалы, жартылай жетім, сәтсіз отбасы, тұрмысы төмен, үйде оқыту, тұл жетім оқушылардың тізімін, мектеп медбикелерінен Д - тізімде тұратын және мектеп

инспекторынан тіркеудегі оқушылар мен отбасылар тізімі анықталып, « ReFrame» тұлғалық дамыту базасына мәліметтер ендіріледі.

0-9 сынып оқушылардың анықталған тізімінен мектепшілік тәрбиесі қиын «ерекше тізім», «дарынды», «жаңадан келген» оқушылар анықталып, жоспар бекітіледі.

Жаңадан келген, дарынды және оқу мотивациясы төмен оқушыларға жоспар жасалынып бекітіледі.

8-9- сынып ербалдарына «Ұлдар кеңесі» өткізіліп, жоспар түзіліп ұлдар ұйымының жетекшісі, сынып топбасшылары сайланады.

8-9- сынып қыздарымен жиналыс өткізіліп қыздар ұйымының жетекшісі сайланып, жоспар құрылады.

Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу мақсатында 5 - 9 сынып аралығында әр түрлі тақырыпта эссе жұмысы алынады. Эссе жазу жұмысы бойынша сынып жетекшілер қорытынды жасап, оқушыларды өмірге, өмір сүруге деген көз – қарастарын позитивті екендігін нақтылап көрсетеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерімен сұхбат жүргізіліп, бастауыш сыныптарында жайсыз отбасыдан шыққан, әлеуметтік аз қамтылған мектеп оқушылары туралы мәлімет жинақталады.

Сабақтан көп қалатын оқушылардың уйіне барып, сабаққа келмеу себептері анықталып, АКТ түзіліп, ата -анасымен сұхбат жүргізіледі.

Мектепшілік есепке тіркелген оқушылармен ДТІЖО мен бірге алдын -алу, түзету жұмыстары үнемі жүргізіледі.

Педагогика психологияға бағытталған психологиялық - диагностикалық сұхбат жұмыстары, сабақтан көп қалатын оқушылар және ата –аналарымен, қамқоршылықтағы оқушылармен, психологиялық жеке, топтық кеңеске сұраныс жұмыстары жүргізіледі.

Ата - аналар жиналысына қатысып, білім беру мекемелерінде оқушыларға психологиялық көмек көрсетуге байланысты ата -ана (қамқоршы) тараптарынан келісімі алынады.

1-сынып оқушыларының мектептегі оқуға дайындығының деңгейін анықтау мақсатында Керн-Йерасек тестісі алынады. Берілген графикалық тест 3 тапсырмадан тұрады.

Жалпы сыныптардың мектепке дайындығының деңгейі жақсы деп бағалауға болады. Бала бойындағы орын алған кемшіліктер түзету-дамытушылық бағытта жұмыс жоспарлануда. Ата-ананың сұранысы бойынша, жекелеген оқушылармен түзету-дамыту бағытында жұмыстар жүргізіледі.

Мектепке жаңадан келген оқушылардың тізімі алынып, оларға әлеуметтік-психологиялық карта толтырылады.1-сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейіне, 5-сынып оқушыларының орта буынға, оқу жүйесіне бейімделуіне жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары атқарылады.

«Бестерек» жобасының кабинеттік талдауы бойынша анықтамалар толтырылады. «Бестерек» жобасы бойынша кабинеттік талдауы негізінде тәуекел тобының «Қызыл-, жасыл-,сары-» деңгейлері анықтау алгоритмі жүргізіледі

Қазан айынан бастап Weglbal платформасы бойынша 5-9 сынып оқушылар арасында сауалнамалар онлайн түрінде алынып отырды.

Оқушылар бойында қобалжу, мазасыздану деңгейлерін анықтауда 1-4 сыныптардан «Отбасылық сурет» әдістемесі, 5-7 сыныптардан «НСВ-10»тесті, 8-9 сыныптардан «ДАСС шкаласы» диагностика жүргізіліп, коррекциялық дамыту сабақтары өткізіледі.

Тәуекел тобына алынған оқушылармен топтық, жеке түзету жұмыстары жүргізіліп, жеке іс-қағаз жасалады. Олардың сынып жетекшісімен, ата-анасымен жеке кездесулер ұйымдастырылады.

1-сынып оқушыларын мектеп-өміріне бейімделуіне орай «Кел, танысайық!» психологиялық сабақ . 5-сынып оқушыларымен қарым-қатынасты нығайту үшін тренинг, жаттығулар өтіледі.

8-9 сынып оқушыларымен «Күйзелістен қалай арылуға болады?»тренинг жаттығу жүргізіледі.

9-сынып түлектерімен «ЕМТИХАН дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»атты кездесу тренинг өтіледі.

Ата-аналар мен мұғалімдерге оқыту семинарлары ұйымдастырылып, кеңес беріледі. Сынып жетекшілер мен ата-аналарға «Балалар үшін бірігейік!»жиналысында қарым-қатынастың тиімді әдіс-тәсілдері жөнінде ақпараттандырылды.

7- 8-9сынып «Еркеназ» клубының қыздарымен «Тазалық-денсаулық кепілі», «Ерте жастағы жүктілік сырлары», «Репродуктивті саулық» профилактикалық ағарту бағытында аудан емхана мамандарымен әңгіме-сұхбат жүргізіліп, бейнебаян көрсетілді.

7-8-9-сынып оқушыларымен «Зиянды әдеттерге әуес болудың алдын алу,болдырмау», «Зиянды әдет- қоғамдық дерт» бойынша түсіндірме жұмыстары мектеп әкімшілігімен біргелікте жүргізілді. Әлеуметтік желіге жарияланады

2-9-сынып оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жеке, топтық кездесулер,кеңес берулер беріледі.

9-сынып оқушыларының бейіндік пәндер бойынша «ДЖ Голланд» тесті алынып,«Кәсіби бағдар», «Кім болғым келеді?» тақырыбында жаттығулар жүргізіледі.

7-8сынып оқушыларының психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту бойынша «Менің психологиялық денсаулығым» атты сұхбаттасу дәрістері өтілді.

Сұраныс бойынша ата-анамен, мұғалімдермен және оқушылармен консультация жүргізіледі.

2-4 сынып оқушылармен танымдық процестерін (зейін, ес, ойлау, қиял) анықтау бойынша диагностикалау жүргізіледі.

1сынып оқушыларымен «Алақай,мен оқушымын!»психологиялық сабақ өтілді.

10сынып оқушыларымен «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»тренинг өтілді.

8-9 сынып оқушыларымен «Күйзелістен қалай арылуға болады?»түзету-дамыту жүргізілді.

7-8-9-сынып қыздарымен «Психикалық саулығын нығайту, мектеп ережесін сақтау, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға» бағытталған кездесу болып, бейнебаян көрсетілді.

5-9-сынып ата-аналарымен «Бала құқығы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу»тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп медбикесімен біргелікте кездесу ұйымдастырылды.

1сынып оқушыларының темперамент типіне диагностикалау жүргізілді.

Кәсіби бағдарға байланысты мектептің кәсіби бағдарлаушы маманымен біргелікте

9-сынып оқушыларымен кездесулер өтілді.

1сынып оқушыларымен «Біздің сынып- бұл біз!»тренингі өтілді.

5сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын»тренинг өтілді.

9-сынып оқушыларының ата-аналарымен «Емтихан кезінде балаңыздың стресттік жағдайдан алып шығу жолын біліңіз!» атты арттерапия жаттығуы жүргізілді.

8-9 сынып қыздарымен «Репродуктивті саулық»тақырыбында дәріс,кеңес беру жүргізілді.

5-9 сыныптағы тәуекел тобындағы оқушылармен жеке,топтық диагностикалау алынды.

9сынып оқушыларымен «Менің құқықтарым»атты дөңгелек үстел жүргізілді.

5-9-сыныптағы тәуекел тобындағы оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Сұраныс бойынша мұғалімдермен, ата-ана және оқушылармен кездесулер ұйымдастырылады.

Ерекше қабілетті оқушылармен түзету-дамыту жаттығулары жүргізіледі.

9-сынып ұлдар кеңесімен «Тәртіп-тазалықтан басталады» және т.б тақырыптарында алдын алу кездесуі ұйымдастырылады.

5-7сынып қыздарымен « Мен әсеммін!, Мен ғажайыппын!»тренингі өтілді.

Ықпалдастыру оқыту бойынша А....Ә және С.....Е мен түзету-дамыту,колдау жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулығына байланысты үйде оқытылатын балалар үнемі психологтың назарында болып, олармен психологиялық түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп отырады.

